

Ел мерейін асқақтатқан ағалар

Әдебиет Байдолда



Әдістемелік-библиографиялық бөлім
gucbs@mail.ru



Әдебиет Байдолдаұлы МХР-ның Баян-Өлгей аймағының Баян-нуур сумын «Гүлді» елді мекенінде дүниеге келген. Он жылдық мектеп бітірген соң 1968 жылы Улан-Батырдағы Педагогикалық Институты, Математика-Физика мамандығы бойынша тәмамдап, мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қатарлы жұмыс атқарып, 1993 жылы еңбек шартымен ата жұртқа оралып. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Жолбасшы негізгі мектебінде мектеп директоры, соңғы жылдары Новомарковка орта мектебінде мамандығы бойынша жұмыстап, зейнеткерлікке шыққан. Монғолия Халық ағарту ісінің үздігі «Ұстаз даңқы» орденімен басқадай сыйлықтармен марапатталған.



“Өмірден өрілген өлең”

атты жыр жинағы 2012 жылы
Астана қ., “ҰлтССО” АҚ
полиграфиясында басылды. Кітапқа
300-ден артық өлеңдері енген. Жыр
жинақтағы өлеңдер, осы өмірден
алынған.



“Шөбереге шежіре” атты бұл кітап “Өмірден өрілген өмір” кітабының жалғасы деуге болады. Кітапта Найман тайпасы туралы түсініктеме берілген. Кітаптың үшінші бөлігінде тарихи деректер, өлеңдер, әзіл – сықақ, арнау, толғау өлеңдері де жазылған.

*Ескеріп ескісінде, жаңасында
Мекенім Сілетінің жағасында
“Шөбереге шежіре” ұсынбақпын
Оқырман берер өзі бағасында.*

Әдебиет Байдолда

Әдебиет Байдолдаұлы


НАҚЫЛ СӨЗДЕР



Астана, 2017


“Нақыл сөздер”

Назарларыңызға ұсынылып отырған жинақта ұстаз, асыл аға өз өмір жолында оқыған кітаптарындағы, газет-журналдардағы әлемдік ақыл ой иелерінің нақыл сөздерін (офоризмдерін) әлемдегі түрлі халықтардың мақал-мәтелдерін, даналықтарын, түрлі діндердегі қағидалар мен ережелерді, дүниедегі ғажайыптарды асыл тастай теріп ұсынып отыр. Ағамыз санасына түйген ойларының мәуелі жемісі, қағаз бетіне түскен көрінісі.



“Іздерден түйген түйін”

Бұл кітап беттеріне ағамыз
өлең шумақтарын енгізген екен.
Бөлім бөліммен жазылған
өлендеріне
тоқтала кетсек, құттықтаулар,
еске алу, поэма дастандары
жинақталған. Жазылған
өлендеріңізге тоқтала өтсек.
Поэмалар, дастандар: “Алаштың
асыл ұлы Перуаш”,
“Ата жұртқа жеткізген тәуелсіздік”.
Құттықтаулар: “Ерболат
Шахатовқа”,
“Қазақ хандығының 550
жылдығына”,
“Ерейментау газетіне 80 жыл”,
“Тойлаймыз талай белесті” (Сайлау
Жылқыбаевқа).



“Тамшы тердің тағылымы”

Кітап үш топқа топталған.

“Тарихтан тағылым” айдарында,
ел басқарған азаматтар, Отанды
жаудан қорғағандар, ғылыми
адамдар және трихи оқиғалар
жазылса, келесі топқа

“Деген екен” аңдамай сөйлеген
ауырмай кетеді деген сөз бекер
айтылмағаны шындық. Келесі
топқа ұстаздар қауымын
топтастырған. Осының бәрі

“Тамшы тердің –тағылымы” болмақ.